# 1.Ауа райына бақылау жасау

*Бақылау*

Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

Күн ұзарып

Қар еріп,

Су сайларға толады

Айтыңдаршы бөбектерім

Бұл қай кезде болады? (көктемде)

**Мақал-мәтел**

Таудан су ақса, көктем келеді.

**Болжам**

Жерден әлі қар кеткен жоқ,ал жаңа көктем секілді.

**Тақпақ**

Ой,балалар, балалар!
Жылы- жылы жел соқты
Жылғалардан су ақты
Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті.

*Қимылды ойын*

**«Қасқыр мен лақтар»**

Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Топырақты тұқым салуға дайындау.**

Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу.

*Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама*

**«Ауа райын сипатта!»**

Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету.
(жылы,ашық,суық,құрғақ,желді,жаңбырлы,тұманды)

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру,өз ойын іске асыру.

## 2. Күнге бақылау жасау

*Бақылау*

Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ Мақал**

Туған жердің күні де ыстық, Жұрттың бәрі оны сүйеді, Түні де ыстық
Бірақ қарай алмайды (күн)

**Болжам**

Егер күн көзі қыста тұманға батса- боранға,

Ал күн астынан қабатталған бұлт көрінсе- ауа райының бұзылуына.

**Тақпақ**

Күлімде,күн күлімде
*Жер жасарып көгерсін*
*Кешегіндей бүгін де,*
*Қанат қақсын көгершін*

*Қимылды ойын*

**«Күн мен бұлт»**

Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.

*Еңбек әрекеті*

**Гүл тұқымын топыраққа егу.**

Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама*

Тапсырма 1. Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту.
Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады.
Тапсырма 2. Қай зат тез ысиды?
Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.
Тапсырма 3. Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру.
Қорытынды. Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.

***Өзіндік іс-әрекет***

Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу.

## 3. Желге бақылау жасау.

*Бақылау*

Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ Мақал-мәтел**

Келсе де әні құлаққа, Көшерімді жел білсін
Өзін ешкім көрмейді Қонарымды сай білсін
Жусан,қамыс, құраққа
Тіптен маза бермейді.

**Болжам**

Наурыз айының жылы желі- жаздың жылы, жаңбырлы болуына әкеледі.

**Тақпақ**

Желдет, желдет!
Жеті қара дауылдат!
Өрісін құлат,баласын жылат
Тайтерісін қалтырат
Науа- астауын жалтырат!

*Қимылды ойын*

**«Қақпақ пен таяқ».**

*Еңбек іс-әрекеті*

**Қажеттілік бойынша жұмыс**

Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.

Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама*

**«Жақсы,жаман»**

Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету.

Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын;ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту.(Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну).

Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау».

*Өзіндік іс-әрекет*

Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау

## 4. Аспанға бақылау жасау.

*Бақылау*

Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

Бір түкті кілем

Бір түксіз кілем (аспан мен жер)

**Болжам**

Егер көктемде ауа райының қалыптылығында таңертең дөңгеленген қабатты бұлттар көрінсе, ал кешке жоғалып кетсе- онда ауа райы жақсы, тұрақты болады.

**Тақпақ**

Қ.Аманжолов «Көктем»

Сансыз көкек сұңқылдап

Көктем келді ертерек

Нәзік үнмен сыңқылдап

Бұйра бұлақ еркелеп

*Қимылды ойын*

**«Қазым,қазым қаңқылда!»**

Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Тұқымды қарашірікке отырғызу.**

Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама*

**«Көктемге арнап бояу табайық»**

Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.

*Өзіндік іс-әрекет*

Дәлізде ойынға,оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.

**5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау.**

*Бақылау*

Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.

*Көркем сөз*

Жұмбақ Тақпақ

Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ Суырды көкте қылышын

Ұстаған қолдарында таяғы жоқ Нөсерлі қара бұлт төнді

Күніне талай жерге кетер кезіп Тарылтып жердің тынысын

Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ (бұлт) Тапа-тал түс болды ымырт

*Қимылды ойын*

**«Кілттер»**

Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.

*Еңбек іс-әрекеті*

Ауладағы қарды тазалау.

Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама*

**«Бұлт неге ұқсайды?»**

Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау.

## 6. Қардың алғашқы еруін бақылау

*Бақылау*

Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді.(ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту.

*Көркем сөз*

**Болжам**

Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе-онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады.

**Тақпақ**

Көктем
Көкке бояп өңірді,
Көктем келді көңілді.
Бау-бақшада,орманда
Құстар әні төгілді.

*Қимылды ойын*

**«Жүгір-отыр-жүгір!»**

Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.(«Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады);жылдамдықты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Терезе алдындағы бақша (суару)**

Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту,су бүрку.Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама.*

**«Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?»**

Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту.
Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?»
Табиғат құбылысының себеп-салдарын түсіндіру.

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.

**7. Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.**

*Бақылау*

Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

Жылт-жылт еткен
Жырадан өткен.

***(су)***

**Болжам**

Егер қар тез еріп,су жылдам ақса-жаз жаңбырлы болады.
Сәуірде шалғын суы мол болса-шөп көп болады.

**Тақпақ**

Көркемдеген жер-көкті,
Көктем қандай тамаша!
Жерге әкеліп төсепті
Алуан гүлді алаша.

*Қимылды ойын*

**«Батылдар»**

Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу.Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Аула маңын қоқыстан тазарту**

Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру,жұмысты жоспарлау,бақылауды іске асыру.Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама*

Тапсырма 1. « Қайық қайда жүзіп барады?»

Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп,оның қайда жүзетінін бақылау.

Қорытынды. Су қайықты жүргізеді,жылғаның ағысына байланысты ағады.

Тәжірибе. «Батады, батпайды»

Түрлі материалдан жасалған заттардың қасиетін анықтау суда бататын, батпайтын;Сараптама арқылы балалардың бір қорытындыға келе білуін үйрету.Сөздік қорын молайту.

Тапсырма 2. Шалшықтың суын қолымен ұстап көру.

Қорытынды. Су өте салқын, себебі ауа да суық .Сондықтан өсімдік қыстан кейін жаңа оянады,бірақ өспейді.

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.

## 8.Сүңгілерді бақылау.

*Бақылау*

Балалармен бірге сүңгілерді қарау.Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді,су тамшылайды,бірақ үнемі бірдей,жылы емес;күн суық болғанда су тамшылары қатады,мұздақ төмен қарай өседі ). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

Отқа жанбайды,
Суға батпайды.

***(мұз)***

**Болжам**

Сүңгілер ұзын болса-көктем ұзақ болады.

**«Үйсіз қоян»**

Алаңда жалғыз аяқпен секіре білуді бекіту;белгі бойынша үйлерге кіру.(шеңбер үйлер),бірақ бір ойыншыға үй жетпейді, ол ойын бастаушы болып қалады. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Аула сыпырушыға қар жинасуға көмектесу.**

Балаларды салыстыруға үйрету:қай жердің қарын күреу қиындау-майлы қар немесе борпылдақ қар. Өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.*

*Тапсырма 1. «Шелекке қанша су жиналады?»*

*Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау.*

*Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді,яғни,қар күннен-күнге тез ериді.*

*Тәжірибе.* Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды?

Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін түсіндіру.

Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау.

Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ.

*Өзіндік іс-әрекет.*

Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге асыру,яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының ойына келіспеушілік білдіру.

## 9. Өзендегі мұздың еруін бақылау.

*Бақылау*

Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды.

Балалармен мұздағы жарықтардың пайда болуын қарау.Мұз ластанады,өйткені жағадағы сулар жылғалар арқылы құйыла бастайды.Мұз үстімен адамдар жүрмейді.

Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту.Өз беттерінше қорытынды жасап,сөздік қорды байыту.

*Көркем сөз*

Жұмбақ

Отқа жанбайды

Суға батпайды (мұз)

**Болжам**

Егер көктемде су деңгейі көтерілмесе ,жаз ыстық болады.

**Тақпақ**

«Көктемгі су» Н.Айытов

Қаусатып қар боранды Сарқырады бұлақтар

Көктем қайтып оралды Құлпырды сай қыраттар

Таулар тастап ақ тонын Сағым ойнап,көзді алып

Көк торғынға оранды Жақын тартты жырақтар

*Қимылды ойын*

«Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны)

Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді,бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру,жағаға секіру(жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту.

*Еңбек әрекеті*

**Балықтарға күтім жасау.(Қажеттілікпен жұмыс)**

Аквариумдағы судың тазалығын қадағалау.Ондағы шөптер мен судың жағдайын қарап,күтім жасау.Балықтарды күтуге деген ықыласты дамыту.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама*

**«Алдымен не содан соң ше?»**

Көктемде болатын құбылыстардың логикалық тізбегін бекітуді үйрету.(күн қызуын мол шашады,қар мен мұз ери бастайды т.с.с) Есте сақтау қабілетін дамыту,ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

*Ерікті іс-әрекет*

Баланың даму негізінің жағымды сапасын жеке ұжымда қолданып іске асыру. Белсенді балалар өз құрдастарына,яғни ойын кезінде сылбыр балаларға қысым көрсетпей,ойынға араласып кетуіне қол ұшын бере білу.

## 10. Қар бетінің төмен түсуін бақылау

*Бақылау*

Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті күртіктеніп,асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру.Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту.Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту.

*Көркем сөз*

Сылдыр қағып ақ бұлақ
Күйге салып жатты бақ
Таудан аққан өзенде
Гүрілдеді қаттырақ

**Болжам**

Егер қар тез еріп, жылғадағы су жылдам ақса, жаз жаңбырлы болады.

**Тақпақ**

Қары еріп даланың
Арықтардан су ақты
Ақ жүзіндей ананың
Көктем келді шуақты

*Қимылды ойын*

**«Жолды тап»**

Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру.Кеңістікті бағдарлауды дамыту.

*Еңбек іс-әрекеті*

Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу.Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама*

**«Қар қандай,сипатта?»**

Көктемдегі қардың өзгерісін бекіту:борпылдақ,сұр,лас.

Тәжірибе.Қарды күреу

*Өзіндік іс-әрекет*

Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады.

## 11.Ағаштарға бақылау жасау

*Бақылау*

Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайынның бұтағын салыстыру(аққайынның бұтағы жіңішке,иілгіш,қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайынға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре *білу.*

*Көркем сөз*

**Мақал-мәтел**

Бір ағаш кессең,жүз ағаш отырғыз

**Болжам**

Аққайың ағашы жөке ағашынан бұрын бүр жарса, жаз құрғақ болады. Көктемде аққайыңның шырыны көп болса,жаз жаңбырлы болады.

**Тақпақ**

Отырғыз ағаш көктемде
Жөн болар еңбек еткенің
Келмесе шамаң еккенге
Сындырма жұрттың еккенін

*Қимылды ойын*

**«Ағаштан ағашқа»**

Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу

*Еңбек іс-әрекеті*

**Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.**

Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру.

*Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама*

**«Біздің үй қайсы,тап?»**

Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп,ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.

**12.Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.**

**Бақылау**

Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.

**Көркем сөз**

Өсіп тұрған бұл не?
Жаз болса жайнап
Саясына ән салып
Құстар жүрген сайрап

**Болжам**

Көктемде аққайың шырын бөлсе, күннің жылы болуына байланысты. Егер шырын бөлінуі мол болса, жаз жаңбырлы болады.

**Тақпақ**

Көк орманда көп ағаш
Өскен жақсы аралас
Ең әдемі менінше
Құс ұясы бар ағаш .

**Қимылды ойын**

**«Орман дақтары»**

Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру.

**Еңбек іс-әрекеті**

Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.

*Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптамалар*

**Тапсырма.** Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау.

**Қорытынды**

Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді,дәмі тәтті,ауада тотығады,қызғылт түске енеді.

**Өзіндік іс-әрекет**

Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.

**13.Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.**

*Бақылау*

Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.

*Көркем сөз*

**Мақал-мәтел**

Төлден мал өседі
Шыбықтан тал өседі

**Болжам**

Мойыл ерте гүлдесе,ауа райының суықтығына. Шетен кеш гүлдесе,күз ұзақ болады.

**Тақпақ**

*Қимылды ойын*

**«Секіргіш бақалар»**

Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық,төзімділік қасиеттерін дамыту.

Еңбек іс-әрекеті

**Ағаш түбін әктеу.**

Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.

Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама

**«Орманшы»**

Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін:дің,жапырағы,жемісі мен дәні болатынын еске сақтау.Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу.

Өзіндік іс-әрекет

Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап,өз ойларын ортаға салып,құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу,рөлдерге бөлу,ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.

**14.Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.**

*Бақылау*

Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

«Айт!» десе жүгірмес
Су тисе сілкінбес (шөп)

**Мақал-мәтел**

Адам жерге нәр береді Су көп болса,шөп бітік шығады.
Жер адамға нан береді

**Болжам**

Сәуірдегі топан су,жаздағы қалың шөптің белгісі.

*Қимылды ойын*

**«Көк шөптегі хоккей»**

Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету.

*Еңбек іс-әрекеті*

**Ауладағы қураған шөпті жинау**

Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар*

Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.
Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.

***Өзіндік іс-әрекет***

Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.

**15.Бақбақтың өсуін бақылау**

*Бақылау*

Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ**

Кіп-кішкентай қауғабас

Шашы түссе дауламас (бақбақ)

**Болжам**

Егер бақ-бақ ерте гүлдесе,жаз қысқа болады.

**Тақпақ**

«Бақбақ», А.Оразақын

*Қимылды ойын*

**«Гүлдер»**

Гүлдердін атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).

*Еңбек іс-әрекеті*

Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар.*Тәжірибе және сараптама,

**«Тұқымның саяхаты»**

Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су,топырақ,жылы,сабақ,жапырақтар,гүл,гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.)

**Тәжірибе**. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс.

**Қорытынды.** Тұқымдар өте кішкентай,жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі.

*Өз бетімен іс-әрекет*

Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.

1. Ауа райын бақылау

*Бақылау*

Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Қ а з а н – суық түсе бастады, бұлыңғыр күндер көбірек болып жиі жаңбыр жауатын болды, күшті жел соғатын болды. Ауа температурасы төмендеді. Күн бұрынғыдан да қысқарды. Қ а р а ш а – күндер қысқарды, күн көзі жоғары көтерілмейді, күндер бұрынғыдан да суытты. Аспан бұлыңғырланып, қар аралас жаңбыр жиі жауады. Ауа температурасы $0^0$ -тен төмен болып, жер қата бастайды, тоғандарды мұз жабады. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру.

*Көркем сөз* Санай бер, Қарай бер, Бояуы – жүз, Келді күз

***

Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)

**Ырым** Қыркүйек құрғақ та жылы болса, қыс кешірек түседі Жаз жаңбырлы, ал күз жылы болса, қыс ұзақ болады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

«Орамалмен ойнау»

*Еңбектену әрекеті*

**Учаскені қоқыстан тазарту**

Тырнауышпен, күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі

ұжымдық сезімді қалыптастыру

*Дидактикалық ойыдар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер»**

Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)

*Өзіндік іс-әрекет*

Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру

## 2. Желді бақылау

*Бақылау*

Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз; әлсіз жел жапырақты ақырын тербетеді, түсіп жатқан жапырақты сәл ғана жылжытады; күшті жел – ірі бұтақтарды шайқалтады, ағаштардың жапырақтарын жұлады). Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу, балалардың ақыл - ой, тіл белсенділігін дамыту

*Көркем сөз* Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел)

Жел де ауа кәдімгі, Жел дегенің тек бірақ. Ойға-қырға шапқылап, Байыз таппас ауа ғой. (М. Әлімбай)

**Ырым**

Жануарлар қай жағына жатса – сол жақтан жел соғады.

Егер түнге қарай жел күшейсе – ауа райы бұзылады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Жел мен жапырақшалар»** Әр түрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу.

*Еңбектену әрекеті*

Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау

Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір - біріне көмектесу

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау.*

**«Жел» сөзіне анықтама айт»**

Заттардың сапасын білдіретін сөздердің қорын кеңейту

Т ә ж і р и б е. Шардың желін шығару.

Қ о р ы т ы н д ы. Жел дегеніміз – кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.

*Өзіндік іс-әрекет*

Қуанышты тыныш жағдайды тудыру және оны сақтауға көмектесу; ынталарын және өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу

3. Күнді бақылау

*Бақылау*

Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады). Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту.

*Көркем сөз*

«Анамыздай мейірлі күн, Аймалайды шыңда тұрып».

Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық! Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты!

**Ырым**

Егер таңертең күн қызарып шықса, ауа райы бұзылады, жаңбыр және жел болуы мүмкін.

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Бұлт пен күн»**

Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу, еркін дамыту

*Еңбектену әрекеті*

**Гүлзардағы еңбек. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту**

Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір - біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

1-тапсырма «Күн жолын көрсет»

Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету.

2-тапсырма «Күн таңертең, күндіз, кешке болған жерлерге тұр»

Кеңістікті бағдарлауға үйрету

*Өзіндік іс-әрекет*

Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу.

## 4. Бұлтты бақылау

*Бақылау*

Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру. Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткиді. Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуға үйрету.

*Көркем сөз*

Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып (Бұлт)

**Ырым**

Бұлттар төмен болса, жаңбыр жауады, күн суытады.

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Біз көңілді балалармыз»**

Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту

*Еңбектену әрекеті*

**Еңбек тапсырмалары**

Өз өзіне қызмет ету; серуен соңында ойыншықтарды жинау. Еңбек ете алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Бұлтты суретте»**

Бұлтты суреттейтін сөздерді тауып айтуға үйрету

**«Аспан денелерін ата»**

Күн, Ай, жұлдыздар, планеталар – аспан денелері екендігі жайлы балалардың білімдерін бекіту

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың ойындарын қызғылықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу

## 5. Жаңбырды бақылау

*Бақылау*

Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық). Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтауға үйрету.

*Көркем сөз*

Жау,жау, жаңбыр, Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын!

**Ырым**

Шөпке қырау түссе, жаңбыр жауады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

«Төпешіктен төпешікке», «Дөңгелектен секіріп шық», «Кегляға тигіз» *(верандада ойналатын ойындар)*

Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру. Ойындарға спорттық құралдарын дайындауға үйрету.

*Еңбектену әрекеті*

**Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау**

Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасап үйрету, балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

Тәжірибе. Будың суға айналуы

Құралдар: спирт, су құйылған колба, шыны

Суды қайнауға жеткізу, колба үстіне жабылған шыныда бу пайда болады. Суыған кезде бу бөлшектері су тамшыларын құрап суға тамады.

*Өзіндік іс-әрекет*

Ауа райын есепке ала отырып дәлізде ойналатын ойындарды, іс-әрекеттері өткізуге жағдай туғызу. Жақсы тәртіп әдеттерін қалыптастыру.

## 6. **Жапырақтардың түсуін бақылау**

*Бақылау*

Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету.*Жапырақтар көп мөлшерде немесе аз мөлшерде түсетінін, бұл көрініс жел күшіне байланысты екенін* атап айту. Табиғаттың бір құбылысының екінші бір құбылысымен өзара байланысын көруді үйрету; күзгі табиғат әсемдігін қабылдауға үйрету.

*Көркем сөз* Ой, алақай, тамаша, Ағайынды бәрі, Шашу шашты жапырақ. Шықса – жасыл, Бақтың іші алаша, Түссе – сары (жапырақ) Аунар ма еді жатып ап!

**Ырым**

Егер жапырақтар ағаштан түгел түспей бұтақтарында қалып қойса, қыс суық болады. Жапырақтар кеш түссе, қыс қатты және ұзақ болады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Асық, бірақ түсіріп алма»**

Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алуға жаттықтыру. Физикалық сапасын дамыту: шапшаңдық, ептілік.

*Еңбектену әрекеті*

Учаскедегі жапырақтарды жинау

Балаларды жұмысқа белсенді қатысуға үйрету, жапырақтарды тырнауышпен тырнап, тасығышпен бір жерге жинастыру. Еңбексүйгіштікке, өз бетінше жұмыс жасай алуға үйрету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Аяқ астындағы жапырақтар қалай сыбдырлайтынын тыңдау»**

Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, тыңдай білуге, түйін жасауға үйрету.

**«Жапыраққа қарап ағашты таны»**

Балаларды жапырақтың қай ағаштан түскенін анықтауға үйрету. Ойын ережесін сақтау (белгі берілгеннен кейін ғана жапырақ қай ағаштан болса, сол ағашқа жүгіріп бару).

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың тұрақты бірлестіктерін нығайтуға көмектесу. Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу.

## 7. Тұманды бақылау

*Бақылау*

Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіру. *Екеуі де ұсақ, кішкене су тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.*
Қоршаған әлем жайлы балалардың білімін кеңейту. Ойлау операцияларын, таным қызығушылығын дамыту.

*Көркем сөз*

Қаратаудың басында Киік кетіп барады. Қол-аяғы бауырына Тиіп кетіп барады. (Тұман)

**Ырым**

Егер тұман күн сәулесімен тез тарап кетсе, ауа райы тұрақты жылы болады.
Қыркүйекте таңертеңгі тұман болса, жылы болады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Тышқан аулау»**

Шапшаңдығын, ептілігін, батылдығын дамыту

*Еңбектену әрекеті*

Табиғат бұрышына әдемі жапырақтардан гүл шоғын жинау
Табиғаттың әсемдігін көруге, оны сақтауға тырысуға тәрбиелеу

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

«Тұманды анықта»

Иллюстрациялар бойынша тұманның қандай екендігін (қалың, әлсіз) тануға үйрету.

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың өз бетінше ойын үшін тақырыпты таңдай алуын дамыту.

## 8. Шықты бақылау

*Бақылау*

*Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту.* Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

*Көркем сөз*

Күзде болар, Қыста жоқ. Таңертең бар, Кешке жоқ. Кеш түгілі, Түсте жоқ. (Шық)

**Ырым**

Шық мол түссе, күн ашық болады.

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Шықты баспа»**

Ептілігін, аңғарымпаздығын дамыту

**«Ыстық – суық»**

Кеңістікті бағдарлай алуын, жедел қимылдай алуын дамыту.

*Еңбектену әрекеті*

**Поделка жасау үшін табиғи материалдарды жинау.**

Қолдан зат жасауға қажетті табиғи материалдарды жинауға үйрету.

Балаларды ұжымдық іс-әрекетке шақыру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Шық тамшыларын жапырақтардан тауып алу»**

Көлеңке жерлерден және тура күн сәулесі түсіп тұрған жерлерден шықты тауып алу.

Қорытынды. Күн көзінде шық тамшылары тез буланып кетеді.

*Өзіндік іс-әрекет*

Қатарластарымен 2-3 рөлден тұратын бірге ойналатын ойындарда бірігіп ойнай алуларын жетілдіру, рөлдерді бөлісе алуларын, ойын қимылдарын орындай алуларын, ойын мазмұнына сәйкес іс-әрекет жасай алуларын жетілдіру.

## 9. Аспанды бақылау

*Бақылау*

Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығын, салыстыра алуын дамыту. Балалардың сөздік қорын белсенді ету және байыту.

*Көркем сөз*

Тең, тең,тең киіз, Екі ортасы кең киіз. (Аспан, Жер)

**Ырым**

Аспанды бұлттар басса, ауа райының бүлінуі ұзаққа созылады

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Ұшақтар»**

Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту (балалар аланда жұмыс істеп тұрған **мотор** сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді), белгі бойынша («Маторды қос!», «Отырғызу басталды!») қимыл жасай алуға үйрету.

*Еңбектену әрекеті*

**Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау**

Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару.

Құралдарды қолдана алу дағдыларын дамыту. Біріге еңбектене алуға тәрбиелеу. Жолдастарына көмек көрсету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Бұлтты күні, ашық күні аспан қандай болатынын айт»**

Түрлі ауа райындағы аспанды суреттей алуын бекіту. Балалардың сөздік қорын байыту.

*Өзіндік іс-әрекет*

Үлкендердің азғана көмегімен балалардың ойынға ыңғайлы жерді таңдай білуін, ойын жағдайын ұйымдастыра алуын қалыптастыру. Ойында құмдағы құрылыстарды пайдалана білуін дамыту.

## 10.Күзгі өрмектің ұшуын бақылау

*Бақылау*

Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы накты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. Желсіз ашық күндері бұталарға, шөптерге, шарбақтарға ілінген өрмек жіпшелерінен олардың жас қожайындары – кішкене өрмекшілерді көреміз. Өрмекші ұшуға дайындалғанын түсіндіру, өрмекші сабақтың басына шығады да қарнын оған қысады, өрмек сүйелшелерінен жіңішке өрмек шығады, ал оны жылы ауа жоғары көтеріп алып кетеді. Өрмекші ауада жіппен қозғалып, оны жоғары көтереді, төмен түсіреді. Өрмекшілер осылайша қоныстанады.

*Көркем сөз*

**Жұмбақ:** Шидиген ұзын сирағы, Тастай кереқ құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (өрмекші)

**Жаңылтпаш:** Шын еңбекші – өрмекші. Өрмекші – шын өрнекші (М. Әлімбаев)

**Ырым**

Кемпір күздің бірінші күні ашық болса, күз жылы болады.

*Қимыл- қозғалыс ойыны* **«Секіріп түс те, бұрыл»** «Хоп!» деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу)

*Еңбектену әрекеті*

**Ағаштардың түбін қопсыту** Балаларды жұмысқа қажетті құралдарды дайындай алуға үйрету. Ортақ пайда үшін еңбектенуге, жолдасына көмек көрсетуге тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Ерте күз белгілерін ата»**

Ерте күз туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелеу.

Т ә ж і р и б е. Көбелек құртын өрмектен шығару

Өрмекпен жабысып қалған жапырақтарды банкаға салып топқа әкелу.

Қ о р ы т ы н д ы. Көктемде коконнан ағаш жапырақтарын жейтін көбелек құрты шығады.

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасай алуын жетілдіру, қатарластарының іс-әрекеттеріне өз пікірлерін білдіру, өз іс-әрекеттері мен қылықтарын негіздеу

11.Топырақты бақылау.

*Бақылау*

Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады.

Балаларды топырақтың ауа райына байланысты өзгеретінін көруге үйрету. Ойлай алуын, талқылай алуын, дәлелдей алуын дамыту; туған жерге ұқыптылық қатынасын тәрбиелеу.

*Көркем сөз*

«Қарашы күз келді, күз келді, Сары алтын жауыпты іздерді»

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Арқан тарту»**

Балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым-қатынасын дамыту.

*Еңбектену әрекеті*

Гүлзардағы жұмыс (тәрбиешімен бірге)

Күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

Т э ж і р и б е. Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру

Қ о р ы т ы н д ы. Топырақ жылы, оны күн қыздырды

**«Қатені тап»**

Жылдың әр мезгіліндегі топырақтың жағдайы жайлы балалардың не білетіндігін анықтау.

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту және байыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру; қатарластарының ұсыныстарымен, рөлді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлісу бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы формада білдіре алуын дамыту.

12.Алғашқы суық түскенін бақылау

*Бақылау*

*Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне* балалардың көңілін аудару. Таңертеңгілік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз катты. Мұз үстімен жүруге болатындай көрінеді, бірақ мұздың үстін аяқпен басқан сәтте - ақ ойылып ішіне түсіп кетеді.

*Көркем сөз*

Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан, Күз болып дымқыл тұман жерді басқан. (А. Құнанбаев)

**Ырым**

Қазанда жер жабылады, кей жер жапырақпен, кей жер қармен Сары шымшық ысқырса – шынымен күз болғаны

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Пішінді жаса»**

Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу

*Еңбектену әрекеті*

**Қажетінше**

Учаскедегі ұқыпсыздық жағдайды көре алуға және тәртіпке келтіруге үйрету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Кім қызық ат тауып атайды»**

Шығармашылық қиялын, тілін дамыту. Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру (су, мұз – мұзды су; аяз, күз – аязды күз)

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойын түрін таңдауда өз бетінше әрекет жасауын, бастама жасауын дамыту.

## 13.Тоғанды бақылау

*Бақылау*

Балаларға тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру; суда болатын тіршілік иелерін атау. Байқағыштығын дамыту. Туған табиғаттың әсемдігіне сүйсіне білуге тәрбиелеу. Өзендегі су суық екенін, су өсімдіктері өзен түбіне кеткенін, бақалардың көрінбейтіндігін айтып өту. Кей кезде ғана тегіс су бетінде көпіршіктер көрініп қалады. Бұл кішкене аш балықтар олар суға шегіртке, әлде маса қона ма деп күтіп жүр.

*Көркем сөз*

Суда оның өмірі, суда оның қорегі. Ол не? (балық)
«Тоңбайын деді де Көл мұздан тон киді»

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Кішкене балықтар мен шортан»**

Қимыл - қозғалыс белсенділігіне, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйрету. Ұжымда өзара дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру.

*Еңбектену әрекеті*

**Табиғат бұрышындағы құстарды қыста қоректендіру үшін құм салып алу**

Бастаған ісін аяқтауға үйрету. Айналадағыларға пайда келтіруге ынтасын тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Жұмбақты шеш»** (суда мекен етушілер)

Балаларды жұмбақтарды шешуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек туралы жұмбақтар)

Т ә ж і р и б е. Ұлғайтқыш шыныдан құмды қарау.

Қ о р ы т ы н д ы. Құм еш затпен бір - бірімен өзара байланыспаған ұсақ және ірі құмшалардан тұрады.

*Өзіндік іс-әрекет*

Ойындарды құрудағы және жүзеге асырудағы белсенділігін тәрбиелеу.

## 14.Шалшықтарды бақылау

*Бақылау*

Балалар назарын таңертеңгілік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аудару. Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты). Мұздың қасиетін анықтау (суық, сусымалы, мөлдір, жылы болса ериді). Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: түнде аяз болды, шалшықтардағы сулар қатты, күндіз күн жылынды – мұз еріді. Танымдық қызығушылықтарын дамыту, тұрақты көңіл қоюын, байқағыштығын тәрбиелеу.

*Көркем сөз*

Аспандағы көлеңке жерге суын шашады (бұлт пен жаңбыр)

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Аяқтарыңды сулап алма»**

Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқында қимыл жасай алуына қол жеткізу.

*Еңбектену әрекеті*

**Қажетінше (табиғат бұрышындағы гүлдерді суару)**

Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбиелеу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру. Еңбек дағдыларын дамыту.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар*

**«Кім табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарды көп біледі»**

Өлі табиғат құбылыстары туралы балалардың білімдерін бекіту, жұмбақтарды еске сақтауға үйрету.

*Өзіндік іс-әрекет*

Балаларға ойынға қатысушы сыңарларының қимылдарын өз қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.

16. **Гүлзардағы гүлдерді бақылау (астра, ирис,календула, космея, георгина)**

*Бақылау*

Гүл атауларын есте сақтату. Балалар назарын гүлдердің көбісінің гүлдеп болғанына аудару. Жазда қандай гүлдер гүлдегенін, олардың қаншалықты көп болғандығын еске түсіру (астра, ирис,календула, космея, георгина). Гүлдер азайып жатыр, ал жемістер саны көбейіп жатыр.

Балаларға арыстанның есінеуі (львиный зев), аққекіре (астра), настурция сияқты өсімдіктердің тек бір жаз ғана өсетінін және гүлдейтінін түсіндіру – оларды біржылдық өсімдіктер дейді. Басқа өсімдіктер көпжылдық – ирис, алтын шар (золотой шар), лилия; олардың тамырлары топырақта қыстайды. Эстетикалық талғамын, байқағыштығын қалыптастыру. Өсімдіктерді күтіп-баптауға тәрбиелеу.

*Көркем сөз*

«Гүлдер, гүлдер, гүлдерім, Қандай әсем түрлерің»

**Ырым**

Егер гүл таңертең ашылса күн ашық болады, түстен кейін ашылса – жаңбыр болады Астра – «астер», аудармасы «жұлдыз». Гүл жұлдызды еске түсіреді. Георгин – гүл өсіруші Георгиннің құрметіне аталған

*Қимыл- қозғалыс ойыны*

**«Өз сыңарыңды қуып жет»**

Белгі бойынша жүгіргенде өз сыңарын таба алуға үйрету. Алаңның бір жағынан екінші жағына қозғалу. Ережелер бойынша ойнай білулерін бекіту.

*Еңбектену әрекеті*

**Кейбір өсімдіктерді тірі табиғат бұрышында бақылау мақсатында құршектерге қайта отырғызу** Тәрбиешіге көмек көрсету үшін берілген тапсырмаларды дұрыс орындауға дағдыландыру. Бірге еңбек ете алуға тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Суреттеу бойынша гүлді тап»** Гүлді сыртқы түрінің, сабағының ұзындығының, гүлінің түсі мен формасының суреттелуі бойынша гүлдердің арасынан таба алуға үйрету.

*Өзіндік іс-әрекет*

Құммен ойнау Құмның қасиеті туралы білімдерін бекіту (сусымалы, ылғалды, жабысқақ). Құрастыра алушылығын дамыту. Біріккен іс - әрекетте тәртіп ережелері мен нормаларының белсенді қолданылуына мүмкіндік туғызу.

## 17. Құмырысқаларды бақылау

*Бақылау*

Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарым-қатынастары туралы оқушылардың білімдерін анықтау, құмырысқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру.

*Көркем сөз* Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай (Құмырсқа)

**Ырым**

Егер де құмырсқалар илеулерінің көлемін әдеттегіден үлкен етіп жасаса – қыстың аяз болатынын білдіреді.

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

**«Батыл, еңбекқор құмырсқалар»**

Өз қалаулары бойынша балаларды сары және қара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғалаушы құмырсқалар деп ойнаушылар құрамына бөліп, тез тасымалдау, құру және т.б. ойын түрлерін өткізу.

*Еңбектену әрекеті*

**Балалар еңбекқор құмырсқаларды бейнелейді:**

Аула мен дәлізді тазалайды. Сыпырғышты дұрыс қолдануға дағдыландыру, еңбектенуге тәрбиелеу. Бұл еңбектің қажеттілігін түсіндіру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Айырмашылығы мен ұқсастығын тап»**

Жәндіктердің басты белгілерін анықтау, салыстыру қабілеттерін дамыту (құмырсқа, көбелек).

*Өзіндік іс-әрекет*

Балалардың ойын барысында бір-бірімен араласу қабілеттерін іске асыру, өз әрекеттерін айтуға, ойларын білдіруге үйрету, құрбысының ұсынысына келіспеушілік танытуда әсіресе, рольдерді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлген кезде өз ойларын дәлелмен жеткізуге дағдыландыру.

## 18. Кіші топтағы балалардың ойындарын бақылау

*Бақылау*

Ересек топтың балаларын кіші жастағы балалармен араласа білуге үйрету, олардың ісіне, ойындарына қызығушылық таныту. Балаларға балабақшада жас ерекшеліктері бойынша олардан да кіші жастағы балалар бар екенін айту, ескерту. Кішкентай бүлдіршіндердің жоғары топтағы балаларға қарағанда аз білетінін, оларға көмектесу керек екенін түсіндіру.

*Көркем сөз*

«Кішкентаймыз әлі біз, Бірге ойнаймыз бәріміз»

**«Карусель»**

Кіші және ересек жастағы балаларды бір-бірімен жақындасуға үйрету. Баяу және жылдам жүгіруге, сөзді қозғалыспен байланыстыруда білімдерін арттыру.

*Еңбектену әрекеті*

**Балаларға ауланы қураған жапырақтардан тазартуға көмектесу**

Балаларға көмек көрсете білуге тәрбиелеу; балалармен бірге еңбектену, ересек балалар тырмалармен жапырақтарды үйеді. Бүлдіршіндер жапырақтарды шелекке жинайды.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Еркелетіп атау»**

Балаларды бір-бірінің аттарын еркелетіп атауға үйрету, бір-біріне деген сүйіспеншілік қарым-қатынастарын калыптастыру.

*Өзіндік іс-әрекет*

**Бүлдіршіндер мен балалардың бірігіп ойнауы**

Балаларды бір-біріне қайырымдылық жасауға, ойындарға белсенді қатысуға, бір-біріне көмектесуге, мейірімді бола білуге, жанжалдаспауға тәрбиелеу. Балаларды ойын тақырыптарын өз бетінше таңдай білуге, тәжірибелер негізінде сюжеттерді дамытуға, қоршаған орталардың жағымды тұстарынан мысал келтіруге, сонымен қатар көркем шығармаларды оқытудағы алған білімдерін қорыту.

## 19. Бақшада өнім жинауды бақылау

*Бақылау*

Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу. Балалар түптерді қарай отырып, қазылмаған көкөніс орындарын біледі. Балаларға өнімнің мол екендігін айтып, жаз бойғы еңбектерінің зая кетпегенін баяндау (суару, жерді қопсыту). Көкөніс өте бітік (жақсы) шыққан; өнім күтімге байланысты болады. Кейбір көкөністердің (қияр, қызанақ, кәді) суық түскенше жиналатынын түсіндіру. Көкөніс атауларын, пішінін, дәмін, түсін, иісін ажырата білуге үйрету. Көкөністердің піскенін ажырата білуге көңіл аудару.

*Көркем сөз*

Сентябрь – Қыркүйек, Көкөніс жүрміз теріп.
Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

**Мақал-мәтелдер**

Не ексең, соны орасың.
Қыстың қамын жазда ойла.

**Ырым**

Егер көкөністердің қабығы жұқа болса – қыс жылы, қалың және қатты болса – аязды болады.

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

**«Бағбаншылар»**

Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау.

*Еңбектену әрекеті*

**Бақшадағы өнімді жинау**

Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көкөністерді жәшіктер мен себеттерге салу, сабақтарын бір жерге үю. Балаларды тату жұмыс жасай білуге, бір-біріне кедергі келтірмеуге, ортақ істі бірлесіп аяқтауға дағдыландыру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Көкөністерге қажетті сөздерді тап»**

Көкөністерге қатысты қажетті сөздерді таңда: байланыстыра сөйлей білу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

## 20. Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі)

*Бақылау*

Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру, балаларды өсімдіктер мен құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету, жәндіктердің болмауы, олар қоректенетін құстардың ұшып кетуі жайында әңгімелеу, балалар бойында құстарды өз қамқорлығына алу жайлы түсінік қалыптастыру.

*Көркем сөз*

«Қанатын қағып қаздар да, Көкпенен жүзіп өткен-ді»

**Ырымдар**

Қаз ұшса – жақында қар түседі.

Қараторғай ұзаққа ұшпаса – күз құрғақ болады.

Қаздар ұшса, қыстың жақындағаны.

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

**«Құстардың ұшып кетуі»**

Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.

*Еңбектену әрекеті*

**Бақшада түбірлерді қазу**

Балаларды еңбектенуге тәрбиелеу, күректі қолдана отырып, сол аяқтың көмегімен жер түптерін қазу, жерді күрек сабының бойындай қазу. Қазылған құмды бір жағына үю. Күрекпен және тырмамен жұмыс жасай білуге үйрету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**Жыл құстарын атау (доппен ойын)**

Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау.

*Өзіндік әрекет*

Балаларды өз рольдері мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту, ойын барысын толық орындауға және 1 сюжетте 2-3 рөл сомдауға үйрету; қарым-қатынас ережесін білу – бағыну, теңдік, басқару.

**1: Ауа-райын бақылау.**

Бақылау

Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.

*Желтоқсанда* ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.

*Қаңтарда* күн көбейеді,айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға қырау тұрады.

*Ақпанда* күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады.

Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.

**Жаңылтпаш**

Қыс қыспаса қыс па,

Құс ұшпаса құс па?

**Ырым**

Қыс жылы болса-жаз салқын болады.

**Өлеңдер**

«Қыс» А.Құнанбаев.

**Қимылды ойын.**

**«Кегліні құлат»**

Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Қардан демалыс орнын тазарту.**

Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

**«Ауа-райы»сөзіне анықтаманы іркте»**

*(Қарлы, аязды, суық,күн шуақты, желді және т.б.)*

Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.

## 2. Қар басуын бақылау

*Бақылау*

Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтанған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жан-жағымыз қозғалысқа толған және тыныштық .Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды.

Қар кесектелген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлауды, елестетуді дамыту.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу.Ауа-райы әсемдігіне эстетикалық қарым-қатынасты тудыру.

**Жұмбақ.**

Ұстай қалсаң еріп кетер,
Әуре болма теріп бекер.
(қар)

**Болжау**

Қар түссе-күн жылынады

**Жаңылтпаш**

Қыста боран борар, қар борар,
Қыздар шәлі орамал оранар.

**Өлең.**

«Алғашқы қар» А Оразақын.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Қармен аулау білу»**

Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.

*Еңбек қызметі*

Қардан қарлы дуал жасау

Өз бетінше шана, жәшіктер, ағаш күректер дайындау.Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу.Қиыншылықтарды жеңе білу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

**« Қар қиыршықтарын қарастыр»**

*Тәжірибе.*балалар қар қиыршықтарын қарастыруда.

*Қорытынды.* Барлық әр түрлі қар қиыршықтарында сәуле саны бірдей.

*Қармен тәжірибе.*Стаканға қар салып топқа алып келу.

Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту.Өз бетінше қорытынды жасауға үйрету. Әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және құруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.

**3.Желді бақылау.**

*Бақылау*

**Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.**
Флюгер түтіннің бағыты ағаш бұтағының қозғалысы бойынша желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.
Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.

**Жұмбақ**

Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі,
Адамзат ол нәрсені көрмес көзі.
Жансызды қимылдатып жанды қылар,
Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі.
(жел)

**Өлең.**

«Желдің түсі қандай»?» М.Алимбаев.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Екі аяз»**

Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Қардан жолды тазарту**

Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту, оларды тазалықта және тәртіпте ұстау.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

*Тәжірибе*. Желдің күштілігін анықтау.

Әр түрлі белгілері бойынша (жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықтыру, қай бағытта екенін анықтау.

*Тапсырма*. Желдің қалай ысқыратынын тыңдау.

Қадағалауын дамыту.

**«Жақсы-нашар»**

Табиғаттағы қарама-қайшылығын, құбылыстың біркелкі еместігін, жанды және жансыз өзара байланысын, тілді дамытуды, ойлауды, көре білуге үйрету (желдің ықпалымен өтіп жатқан өзгерістерді, жағдайларды атау ұсынылады,- жағымды және жағымсыз) .

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Балалардың ойында бір-бірімен араласа білуін, өз әрекетімен қылықтарын білдіре білуін, өз пікірінде тұруын жетілдіру; өз қатарының ұсынысымен келіспеушілігін көрсете білуін дамыту.

## *4.Аспанды бақылау.*

*Бақылау*

Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады.

Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту.

**Жұмбақ.**

Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,
Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,
Іші кең бәрін салса толмайтұғын.
(аспан)

*Қозғалыстағы ойын*

**«Ұйымдастырушылар»**

Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Бақшаның қатарларын қармен толтыру.**

Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын).Еңбек ету талабына тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

**«Жұмбақты шешу»**

Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту,ойлауды, шығармашылық белесті дамыту.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Табиғат жағдайын есепке ала, дәлізде сабақ және ойын үшін жағдай құру. Жағымды тәртіпті қалыптастыру.

## 5.Күннің көзін бақылау.

*Бақылау*

Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.

Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады. Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту. Таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата білу. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.

**Жұмбақ.**

Ақ сандығым ашылды
Ішінен жібек шашылды.
(күннің көзі)

**«Хоккеистер»**

Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.

*Еңбек қызметі*

**Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу**

Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

**«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды»**

Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру.

Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.

**6. Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау.**

Бақылау.

Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу.Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну.Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу.

**Жұмбақ.**

Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал,
Малының қисабы жоқ безбенге сал.
Сүйегі көктеде емес жерде де емес
Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар.
(жауған қар).

*Қозғалыстағы ойын*

**«Аяз-Қызыл мұрын»**

Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде- қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету.

*Еңбек қызметі*

**Гүлзарда қар тоқтатуды орнату**

Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну.

Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету.

## 7. Тайғанақты бақылау.

*Бақылау.*

Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Ұзын жол бойынша»**

Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Жолға құмды төгу**

Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағаттанушылық сезімін қалыптастыру.

***Дидактикалық ойындар.*** **Тәжірибе мен эксперименттер**

*«Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата»*

Табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білімдерін анықтау.

***Тапсырма.*** Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау.

Мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айналады, мұз қатты, тайғақ,мөлдір, нәзік).

***Өздігінен қызмет.***

Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу.

## 8.Ағаштардағы қырауларды бақылау.

**Бақылау.**

Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.

**Ырымдар.**

Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса- күндіз қар жаумайды.

**Қозғалыс ойындары.**

**«Бірінші бол»**

Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.

**Еңбек қызметі**

Жолға су төгу үшін қарды нығыздату.

Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер**

Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды.

«Қырау» сөзіне эпитет таңда.

Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту.

**Өздігінен қызмет.**

Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.

**9. Шыныдағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау.**

**Бақылау**
Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.
Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.

**Жұмбақ.**
Өнері жоқ, қолы жоқ,
Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).

**Ырым.**
Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі.

**Қозғалыс ойындары.**
«Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.

**Еңбек қызметі.**
Жолға су құю.
Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Еңбек етуді тәрбиелеу.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**
**«Шыныдағы қысқы ертегі»**
Балалардың шағын ертегіні құрастыруда талаптануын мадақтау, көргендерін айта білу (керемет жапырақтар, ғажайып гүлдер, өрнектер). Алдын –ала болатын қызметке қызығушылығын арттыру.

**Өздігінен қызмет.**
Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.

## 10. Бұрқасынды бақылау.

*Бақылау.*
Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады.
Егер қар құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын болып аталады.

**Мақал.**
Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.

**Ырым.**
Қыста бұрқасын болса-жазда жауын-шашын болады.

**Қозғалыс ойыны.**
**«Қарлы әткеншек»**
Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа жаққа және т.б.). Ойында жинақылық пен дербестілікті тәрбиелеу.

**Еңбек қызметі.**
Балаларды бала-бақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**
**Тәжірибе.** Шарбақ. Пен күркелердің маңында омбылар болатынын анықтау.

**Қорытынды.**Шарбақ пен күркеге жел соққан.
«Бұрқасын кезіндегі өзгешіліктерді ата».
Өз ойларын айта білу, сөзін, ақылын дамыту, білімін бекіту.

**Өздігінен қызмет.**
Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретінде ойынды дамытуына, бірқалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына және нығайтуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруына, сондай-ақ ойындық бірлестігінің болуына себеп болу.

## 11. Бұрқасынды бақылау.

**Бақылау.**

Қысқы табиғат құбылысы-бұрқасынмен балаларды таныстыру.

Қатты жел соғып жер үстіндегі қарды айналдырса және шалғайды жаба түссе-бұны бұрқасын деп айтады және балаларға түсіндіру. Егер бұл уақытта қар жауса және омбылар пайда бола бастаса жолға шығуға болмайды. Адасып және үсіп кету мүмкін. Бірақ бұрқасын таза күндерінде де қар жаумай да бола береді.

**Жұмбақ.**

Қуып едім мойнын бұрмады,
Ұстайын деп ем қолға тұрмады.
(боран).

**Ырым.**

Соғып тұрған бұрқасын емес, аспаннан жауып тұрғанды қар дейді. Егер күннің жанында тұман болса-бұрқасын болады.

**«Бұрқасын»**

Тізбекте тұру, қарлы құрылғылар арасында жүре білу, тізбекті бұзбай жүру, білімдерін бекіту, әріптестеріменіс-қимылдарын келісе білуіне үйрету.

**Еңбек қызметі.**

Еңбек мазмұнын кеңейту, жануарларды әр сайын күтуін қамтамасыз ету.Адал еңбек етуге тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**

**«Бұрқасын қандай?»**

«Бұрқасын» сөзіне анықтама беруге балаларды үйрету.

**Өздігінен қызмет.**

Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз.

## 12 Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау.

**Байқау.**

Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, қардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп , құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды,

Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.

**Болжау.**

Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.

**Мақал-мәтел.**

Қыс қандай болса, жаз да осындай.

**Ойындар.**

**«Кім озды?»**

Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.

**Еңбекке баулу.**

Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе жұмыстары.** (қар қандай екенін айт).

Қар туралы балалардың білімін қадағалап, сөздік қорын кеңейту. Қар қалың, түкті, күн көзіне жарқырайды, жабысқақ, құрғақ.

**Тәжірибе. Қардың қасиеттері.**

1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.
2. Қарды сумен суарсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ,

Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.

## 13. Күннің ұзақтығын байқау.

Күннің ұзақтығын белгілеу., сосын келесі байқауда күн ұзақтығы, ұзақтығынын артуын белгілеу. Қыста күн әуелі қысқарды, одан соң ұзарады. Балалардың сөздік құрамын өзінше дұрыс құру, кеңейту, табиғатқа қызығушылығын арттыру.

**Мақал-мәтел**

Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.

**Болжам.**

Желтоқсанда күн өте ерте қараңғыланып, кеш жарықтанады.

**Қимылды ойын.**

**Тарту.**

Қалың қар үстінде сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдаммен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.

**Еңбекке баулу.**

Ағаштан түскен тұқымды жинау. Еңбек түрін арттыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

**Дидактикалықө ойындар.** Тәжірибе жұмыстары.

«Қыс туралы мақал-мәтелдерді еске түсіру»Балалардың қыс айлары туралы және табиғат көріністері туралы білімдерін біртұтастандыру; Балалардың халықтық өнерге деген махаббатын ояту.

**Өзіндік жұмыс.**

Балалардыңойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты тұру; құрдасының ойы мен өзінің ойының келіспеушілігін, оның ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.

## 14. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?

**Бақылау.**

Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.

Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.

**Мақал-мәтел.**

Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.

**«Ақ аю» (ойын)**

Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.

**Еңбектену бағытында.**

Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап. Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.